



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

18.10.2018 №
№ 5

Тұрақты комиссияның
2018 жылғы
19 қазандағы қаулысы

«Әлеуметтік объектілерді,
тұрғын үй объектілерін жобалау
және салу сапасын қамтамасыз ету
жөніндегі атқарушы органдардың
жұмысы туралы» тұрақты комиссияның
2017 жылғы 2 қарашадағы қаулысының
орындалу барысы туралы

Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Әлеуметтік объектілерді, тұрғын үй объектілерін жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссияның 2017 жылғы 2 қарашадағы қаулысының орындалу барысы туралы» ақпаратты тыңдалап, талқылай отыра, қалалық атқарушы органдар елорда аумағында сәулет-құрылыш қызметінде іске асырылатын әлеуметтік жобалар сапасын жақсарту бойынша нақты шаралар қабылдану жатқандығын анықтады.

Астана аумағында сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет жандандырылуда. 2017 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Астана қаласы құрылышының кезекті жоспарына сәйкес жоспарланған құрылыш объектілерінің саны 4,5 пайызға артты. Есептік кезеңде 3778-ден астам нысан тексерілді, 1 699 586 шаршы метр пайдалануға берілді.

Жерді мақсатсыз пайдалану көрсеткішінің төмендігені байқалады. Ағымдағы жылдың қазан айының басына тұрғын үй құрылышы үшін бөлінген жер участкерлінің саны 615 участкені құрайды, жалпы алаңы 2729,7 га.

Құрылыш сапасын және объектілерді жобалауды бақылауды күшейту бойынша шаралар қабылдануда. Осы мақсатта жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша жыл басынан 715 үйгарым шығарылды, 507 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Астана қаласының мамандандырылған ауданааралық әкімшілік сотына 12 материал берілді, оларды қарau нәтижелері бойынша 7 құрылыш салушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Құрылым компанияларының іс-қимылдарын үйлестіру бойынша жұмыстар жетілдірілуде, объектілер құрылышының сапасы мен мерзімдерінің сақталуына қатаң бақылау жүргізіледі.

2018 жылдың 8 айында Астана қаласының Қалалық органды бақылау және сапа басқармасы Жаңа жоспарлау аудандарын мониторингілеу және заттай тексеру барысында жобалау-сметалық күжаттамаларсыз, сараптамасыз, жерге тиісті құқығынсыз, сондай-ақ авторлық және техникалық қадағалаусызы жүргізілген құрылым қимасында анықталған бұзушылықтар туралы 130 хабарлама жолдады.

Жосықсыз құрылым салушылардың заңсыз қызметінің нәтижесінде Астана қаласының аумағында құрылышы жүргізілмейтін немесе айтарлықтай артта қалумен жүргізілетін проблемалық объектілер бар.

Ағымдағы жылды «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылышы бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 271 пәтерлік жалпы ауданы 14,4 мың шаршы метр болатын 3 көппәтерлі тұрғын үй кешені пайдалануға берілді және 154 пәтерлік жалпы ауданы 9,1 мың шаршы метр болатын жалдамалы тұрғын үйдің 2 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылышы аяқталды. Үш білім беру нысанының, 2100 орындық екі жалпы білім беретін мектептің және 800 орындық бір кесіптік-техникалық мектептің құрылышы аяқталды. 6 300 орынға арналған 6 жалпы білім беретін мектеп, 825 орынға арналған екі қосымша құрылыш және 2019 жылды пайдалануға беру мерзімімен 800 орынға арналған КТМ құрылышы жалғасуда.

Қаланы абаттандыруды дамыту шенберінде «Тельман тұрғын алабы ауданындағы Есіл өзенінің арнасын қайта жаңарту (8 кезек, №8 участке) су реттейтін бөгет» нысаны пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы Астана қаласында әлеуметтік сала нысандарын жобалау және салу мәселелерінде белгілі бір проблемалар бар екенін атап етті.

Әлеуметтік нысандарды жобалау сапасы ерекше аландаушылық тудырады. Бюджет қаражатын ұтымды пайдалану және үнемдеу мақсатында әлеуметтік объектілерді жобалау мәселелері неғұрлым егжей-тегжейлі әзірлеуді және білікті жобалаушылар мен мамандарды тартуды талап етеді.

Жобалардың техникалық регламенттер мен құрылым нормаларының техникалық, санитарлық және өртке қарсы талаптарына сәйкес келмеу фактілері орын алуда.

Қаланың әлеуметтік нысандарына кірме жолдарды салу мәселесі өзекті болып отыр.

Пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыштардың және олардың жекелеген элементтерінің (терезедегі шынылар әр-түрлі) техникалық жай-күйіне, олардың Астананың сәулеттік келбетіне сәйкестігін сапалы жүйелі бақылауды қамтамасыз ету мәселелері тиісті назар аударуды талап етеді.

«Ақ шаңырак» ТК тұрғындары пайдалануға берілмеген үйде тұруға байланысты туындаған проблемаларымен наразылық тудыруда.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуға тең қол жеткізуін және құқықтарын кепілді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында инклузивті білім беруді ескере отырып, барлық деңгейдегі білім беру мекемелерін жобалау және салу талап етіледі.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Әлеуметтік обьектілерді, тұрғын үй обьектілерін жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссияның 2017 жылғы 2 қарашадағы қаулысының орындалу барысы туралы ақпарат назарға алынын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

- «Әлеуметтік обьектілерді, тұрғын үй обьектілерін жобалау және салу сапасын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы органдардың жұмысы туралы» тұрақты комиссияның 2017 жылғы 2 қарашадағы қаулысының ұсынымдарын толық колемде іске асыру үшін шаралар қабылдау;

- әлеуметтік обьектілерді салу кезінде жобалау-сметалық құжаттаманы сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету үшін білікті жобалаушылар мен мамандарды тарту;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алу құқығын кепілді іске асыру және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклузивті білім беруді ескере отырып, мектептер мен балабақшалар ғимараттарын салу;

- пайдаланылатын ғимараттардың, құрылыштардың және олардың жекелеген элементтерінің елорданың сәулеттік келбетіне сәйкестігі мақсатында олардың техникалық жай-күйіне сапалы және жүйелі қадағалауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
құрылыш, экология, көлік және
тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы
төрағасының орынбасары**



И.Мещеряков